**Бекітемін:**
**ЖК Н.И.Ғайып «Ақбөбек» балабақшасы**
**Әдіскері:__________Ж. Балғабаева**
**____________ 2025 жыл**

Білім беру ұйымы "Ақбөбек" балабақшасы
Топ: "Балдырған" ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Педагогтың аты-жөні : Бажиева А.М

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Қараша айы 2025 жыл 3 апта**

**Қараша – әділдік және жауапкершілік айы**
Жауапты болу
Уәделерді орындай білу
Адамдар барлығы әртүрлі екендігін білу, түсіну

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 17.11.2025 ж | Сейсенбі 18.11.2025 ж | Сәрсенбі 19.11.2025ж | Бейсенбі 20.11.2025ж | Жұма 21.11.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім тез?»**<br>**Міндеті:** Ептілік, қимыл үйлесімділігі мен жылдамдықты дамыту.<br>**Шарты:** Белгі бойынша жүгіру, секіру, допты алып келу сияқты жарыс элементтері бар ойын. | **Дербес әрекет: «Менің ойыным»**<br>**Міндеті:** Өз бетімен шешім қабылдау, шығармашылық еркіндікке баулу.<br>**Шарты:** Балалар өздері қалаған ойыншықпен ойнайды, өз ережесін құрастырады. | **Сюжеттік-рөлдік ойын: «Дүкенде»**<br>**Міндеті:** Сыпайы сөйлесу, санау және әлеуметтік рөлдерді меңгерту.<br>**Шарты:** Біреуі – сатушы, қалғандары – сатып алушылар. Балалар «тауар сатып алу», «ақша беру» рөлдерін ойнайды. | **Танымдық ойын: «Пішіндерді тап»**<br>**Міндеті:** Геометриялық пішіндерді тану және салыстыру.<br>**Шарты:** Балалар шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш пішіндерін үлгіден табады және атайды. | **Коммуникативтік ойын: «Мен кіммін?»**<br>**Міндеті:** Өзін таныстыру, сөйлеу дағдыларын жетілдіру.<br>**Шарты:** Әр бала өз есімін, жасын, сүйікті ісін айтып таныстырады. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар:***<br>Қолды айналдыру, саусақ жаттығулары; бір аяқты көтеріп, тепе-теңдік сақтау; өкшені айналдыру.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Аяқтың ұшымен жүгіру; «жыланша» жүгіру; 1–1,5 минут баяу қарқынмен жүгіру.<br>**Ырғақтық жаттығулар:**<br>Музыка ырғағымен қолды жоғары көтеру, шеңбермен айналу, шапалақтау.<br>**Қимылды ойын:**<br>*«Кім жылдам?»* — балалар белгі бойынша жүгіреді, тоқтайды, | **Қазақ тілі**<br>«Өзіңе және өзгелерге көмектес»<br>**Ұжымдық әңгіме:**<br>– Кімге көмектесуге болады?<br>– Көмектескен кезде не сезінеміз?<br>– Бір-бірімізге қалай көмектесеміз?<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*мейірім, қамқор, еңбек, көмектесу, дос, жылы сөз, жақсы іс.*<br>**Фонетикалық жаттығу:**<br>Ғ, ү, і дыбыстарын жаттықтыру:<br>*ғажайып, гүл, үміт, ірімшік.* | **Дене тәрбиесі**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар:***<br>Қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа сермеу, тізені бүгіп-түзету.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Орташа жылдамдықпен 40–50 метр жүгіру; жүгіру бағытын өзгерту.<br>**Ырғақтық жаттығулар:**<br>Әуенмен айналу, шапалақтау, секіру.<br>**Қимылды ойын:**<br>*«Кім тез табады?»* — белгі бойынша нысанаға жету.<br>**Салауатты өмір салты:**<br>Дұрыс дем алу мен дем шығару дағдысын жетілдіру.<br>**Дербес қимыл белсенділігі:** | **Музыка**<br>**«Би әлемі»**<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>«Сәлем, би әлемі!» әнімен амандасу.<br>**Музыка тыңдау:**<br>Қазақ биі «Қара жорға» және басқа халық билерінің әуендері тыңдалады.<br>**Ән айту:**<br>«Би билейік» әні орындалады.<br>**Қимыл:**<br>Музыканың ырғағына сай би қимылдарын орындау.<br>**Аспап:**<br>Сылдырмақ немесе даңғырамен би әуенін сүйемелдеу.<br>**Қоштасу кезеңі:**<br>Қол бұлғап қоштасу биі. | **Дене тәрбиесі**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар:***<br>Қолды басынан жоғары көтеріп, артқа апару; аяқ ұшымен көтерілу.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Жетекшіні ауыстырып жүгіру; жүгіру мен жүруді кезектестіру.<br>**Ырғақтық жаттығулар:**<br>Музыкамен айналу, секіру, қол бұлғау.<br>**Қимылды ойын:**<br>*«Күн мен бұлт»* — «күн шықты» десе балалар қолдарын көтереді, «бұлт» десе еңкейеді.<br>**Салауатты өмір салты:**<br>Денсаулықты сақтау жолдары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бұрылады.<br>**Салауатты өмір салты:**<br>Қозғалыстың жүрек пен тыныс алу жүйесіне әсерін түсіндіру.<br>**Дербес қимыл белсенділігі:**<br>Доп, құрсау, секіртпе қолдану арқылы өз еркімен жаттығу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар:**<br>Жуынған соң сүлгіні орнына ілу, тарақты ұқыпты ұстау.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету:**<br>Киімін ретке келтіру, батырмасын түймелеу.<br>**Сауықтыру шаралары:**<br>Жалаңаяқ жүру (құм, кілемше үстімен), тыныс алу жаттығулары. | **Грамматикалық құрылым:**<br>Болымсыз етістікпен жұмыс:<br>– Мен жаман сөз айтпаймын.<br>– Мен достарыма көмектесуден **бас тартпаймын**.<br>– Мен ұрыспаймын.<br>**Ойын:** *«Кімге көмектесем?»*<br>Тәрбиеші сурет көрсетеді (баласы құлап қалды, анасы ыдыс жуып жатыр, дос ойыншық құлатты).<br>Балалар айтады:<br>– Мен анама көмектесемін.<br>– Мен досыма ойыншық жинауға көмектесемін.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Сурет бойынша шағын әңгіме:<br>– Аян еденге су төгіп алды.<br>– Досы Айша шүберек әкелді.<br>– Олар бірге тазалады.<br>– Достар көмектесіп, қуанып қалды.<br><br>**Музыка**<br>**«Достармен бірге»**<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>«Сәлем саған, музыка!» әнімен амандасу.<br>**Музыка тыңдау:**<br>Оркестр аспаптарының үнімен танысу (скрипка, барабан, флейта). Балалар әр аспаптың дыбысы мен | Спорттық ойын құралдарымен (доп, құрсау, секіртпе) өз бетімен ойнау.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар:**<br>Қолды сабындап жуу, тамақ алдында тазалық сақтау.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету:**<br>Тамақ ішу құралдарын орнымен қолдану.<br>**Сауықтыру шаралары:**<br>Сумен шынықтыру (қол мен бетті салқын сумен шаю).<br>**Вариативтік компонент**<br>**“Хореография”**<br>**Маман жоспарымен** | | туралы әңгіме.<br>**Дербес қимыл белсенділігі:**<br>Қимылды ойыншықтармен ойнауға ынталандыру.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар:**<br>Тісті таңертең және кешке тазалау, майлықты қолдану.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету:**<br>Жуынған соң үстелін сүрту, киімін жинау.<br>**Сауықтыру шаралары:**<br>Тыныс алу жаттығулары, серуен кезінде белсенді қозғалыс. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сипатын талқылайды.<br>**Ән айту:**<br>«Достар» әнін айту.<br>Әннің мәтінін түсініп, көңілді орындау.<br>**Қимыл:**<br>Жұптасып айналу, бір-біріне қарап ырғақпен шапалақтау.<br>**Аспап:**<br>Сылдырмақ пен барабанды алмастырып ойнау.<br>**Қоштасу кезені:**<br>«Сау болайық» әнін бәрі бірге айтады | | | |
| | Мен өз ісімді өзім істеймін<br>**Тіл дамыту әрекеті:**<br>– Әңгіме: "Мен өзім не істей аламын?"<br>– Сөздер: *киіну, жуыну, жинау, көмектесу.*<br>– "Мен өзім киінемін." "Мен ойыншықтарымды жинаймын." сөйлемдерімен сөйлесу.<br>– Дыбыстармен жаттығу: "л", "р".<br>**Көркем әдебиет әрекеті:**<br>– Өлең:<br>*Өзім жуын, өзім киін,*<br>*Таза жүрем күлімдеп.*<br>– Өлең мазмұнын талқылау.<br>**Қазақ тілі әрекеті:**<br>– Қазақ тілінде бұйрық рай: *Киін! Тұр! Ұста!*<br>– "Мен өзім істеймін." сөйлемін айту.<br>**Математика негіздері әрекеті:**<br>– "Заттарды жұпта." (шыны–тәрелке, қасық–шанышқы).<br>– "Кімнің үстелінде көбірек?" | Үйде көмектесемін<br>**Тіл дамыту әрекеті:**<br>– "Мен үйде не істеймін?"<br>– Сөздер: *жуамын, сүртемін, жинаймын, көмектесемін.*<br>– "Мен анама көмектесемін." сөйлемін айту.<br>**Көркем әдебиет әрекеті:**<br>– Ертегі: "Жалқау бала мен еңбекқор бала."<br>– "Кім көмектесті? Кім жалқау?" сұрақтарына жауап беру.<br>**Қазақ тілі әрекеті:**<br>– Болымсыз түр: *Мен жалқау емеспін.*<br>– Қазақ тіліндегі дыбыстарды дұрыс айту: *ү, ұ, ө, қ.*<br>**Математика негіздері әрекеті:**<br>– "Қай себетте көбірек кір бар?"<br>– "Екі сүлгі ілдік, біреуін алдық – неше қалды?" | Бірге істесек – бәрі жеңіл<br>**Мақал:** ***«Көп түкірсе – көл болады.» Апта дәйек сөзі***<br><br>**Тіл дамыту әрекеті:**<br>– Әңгіме: "Достармен бірлесе істеген неге жеңіл?"<br>– "Біз бірге ойнаймыз.", "Біз бірге жинаймыз." сөйлемдерімен сөйлеу.<br>**Көркем әдебиет әрекеті:**<br>– Өлең:<br>*Бірге ойнап, бірге істейміз,*<br>*Достарменен күштіміз!*<br>**Қазақ тілі әрекеті:**<br>– "Бұл мен емес, бұл досым."<br>– Сөйлемдерді толық айтуға үйрету.<br>**Математика негіздері әрекеті:**<br>– "Екі бала ойнайды – тағы бір бала келді. Енді нешеу?"<br>– "Тең бе?" ойыны: ойыншықтарды жұптау.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:**<br>– "Бір-бірімізге көмектесудің жолдары."<br>– Топтағы еңбек: бірге ойыншық жинау. | Кішілерге қамқор бол<br>**Тіл дамыту әрекеті:**<br>– Әңгіме: "Кішілерге қалай көмектесеміз?"<br>– "Мен ініме көмектесемін.", "Мен сіңліме ойыншық беремін." сөйлемдерімен сөйлесу.<br>**Көркем әдебиет әрекеті:**<br>– Ертегі: "Мейірімді аға."<br>– Балалар кейіпкер мінезін талдайды.<br>**Қазақ тілі әрекеті:**<br>– "Бұл менің інім, ол кішкентай."<br>– "Бұл сен емес, бұл ол." сөйлемдерін қолдану.<br>**Математика негіздері әрекеті:**<br>– "Биік мұнара – аласа мұнара."<br>– "Кішкентай және үлкен ойыншықтарды салыстыр." | Мейірімді болайық<br>**Тіл дамыту әрекеті:**<br>– "Мейірімді болу деген не?"<br>– "Мен мейірімді баламын." сөйлемін айту.<br>**Көркем әдебиет әрекеті:**<br>– Ертегі: "Жақсылық пен жамандық."<br>– Кейіпкерлерді салыстыру, қорытынды шығару.<br>**Қазақ тілі әрекеті:**<br>– "Мен ашуланшақ емеспін, мен мейірімдімін."<br>– "Емес" шылауын қолдану.<br>**Математика негіздері әрекеті:**<br>– "Кімге неше ойыншық бердік?"<br>– "Бір ойыншық қосып теңестір." |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – “Қай табақ үлкен?” | – “Түстер мен пішіндерді сәйкестендір.” | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Қараша айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:**<br>– "Өз ісін өзі істейтін бала қандай болады?"<br>– Балалар мысал келтіреді: тісін өзі тазалау, киімін жинау.<br>**Сурет салу әрекеті:**<br>– *Тақырып:* "Мен өзім киінемін."<br>– Балалар өз іс-әрекетін бейнелейді.<br>**Мүсіндеу әрекеті:**<br>– *Тақырып:* "Тіс щеткасы мен сабын."<br>– Ермексаздан тұрмыстық зат бейнелеу.<br>**Жапсыру әрекеті:**<br>– *Тақырып:* "Таза бала."<br>– Қағазға гигиеналық заттар пішіндерін орналастырып жапсыру.<br>**Құрастыру әрекеті:**<br>– *Тақырып:* "Жуынатын бөлме."<br>– Текшелерден айна, сөре, жуыну орны құрастыру. | **Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:**<br>– "Үйде көмектесудің пайдасы."<br>– Анасына, әкесіне, ата-әжесіне көмек көрсету түрлері туралы айту.<br>**Сурет салу әрекеті:**<br>– *Тақырып:* "Анашама көмектесемін."<br>– Балалар анасына көмек көрсетіп тұрған көріністі салады.<br>**Мүсіндеу әрекеті:**<br>– *Тақырып:* "Таза ыдыстар."<br>– Ермексаздан табақ пен кесе жасау.<br>**Жапсыру әрекеті:**<br>– *Тақырып:* "Үй шаруасында."<br>– Дайын суреттерді жапсырып, үй көрінісін жасау.<br>**Құрастыру әрекеті:**<br>– *Тақырып:* "Ас бөлме."<br>– Конструкторлардан ас үй жиhаздарын орналастыру. | **Сурет салу әрекеті:**<br>– *Тақырып:* "Бірге ойнап жүрген балалар."<br>– Топтық сурет салу.<br>**Мүсіндеу әрекеті:**<br>– *Тақырып:* "Достардың ойыншығы."<br>– Екі балаға арналған ойыншық мүсіндеу.<br>**Жапсыру әрекеті:**<br>– *Тақырып:* "Бірлік шеңбері."<br>– Балалар суретін шеңбер түрінде орналастырып жапсырады.<br>**Құрастыру әрекеті:**<br>– *Тақырып:* "Достық алаңы."<br>– Конструктордан ортақ ойын алаңы жасау. | **Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:**<br>– "Кішілерге қамқорлық жасау – жақсы қасиет."<br>– Балалар бірге қуыршаққа қамқор болады (киіндіру, тамақтандыру).<br>**Сурет салу әрекеті:**<br>– *Тақырып:* "Iніме көмектестім."<br>– Кішілерге көмектесіп тұрған көріністі бейнелеу.<br>**Мүсіндеу әрекеті:**<br>– *Тақырып:* "Кішкентай бала мен ойыншығы."<br>– Екі пішінді (бала мен ойыншық) жасау.<br>**Жапсыру әрекеті:**<br>– *Тақырып:* "Кішілерге қамқорлық."<br>– Балалар бір-біріне көмектесіп тұрған бейнелерді жапсырады.<br>**Құрастыру әрекеті:**<br>– *Тақырып:* "Балабақшадағы топ бөлмесі."<br>– Текшелерден балалар ойнайтын орта құрастыру. | **Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:**<br>– "Жақсы іс жасау – үлкен қуаныш."<br>– Балалар "Кімге қалай көмектесемін?" деген сұраққа жауап береді.<br>**Сурет салу әрекеті:**<br>– *Тақырып:* "Мейірімді жүрек."<br>– Әр бала түрлі түспен жүрек бейнелейді.<br>**Мүсіндеу әрекеті:**<br>– *Тақырып:* "Жақсылық белгісі."<br>– Ермексаздан жүрек немесе гүл пішінін жасау.<br>**Жапсыру әрекеті:**<br>– *Тақырып:* "Жақсы істер себеті."<br>– Әр бала өз ісін суреттен таңдап себетке жапсырады.<br>**Құрастыру әрекеті:**<br>– *Тақырып:* "Мейірім қалашығы."<br>– Балалар бірігіп "жақсы адамдар қаласын" салады. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Айлинге сөздерде дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру. | Айдайға құрылыс материалының негізгі бөлшектері, олардың бөлшектері туралы білімді қалыптастыру, оларды түсі, шамасы бойынша тануды үйрету. | Шаһзатқа бірнеше тік және көлденең сызықтардан заттарды салу (дуал, ағаш); -шаршының ортасына, бұрыштарына қазақ ою өрнектерін жапсыру | Айлинге екіқарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы, ені, биіктігі мен жуандығы бойынша салыстыра білуді бекіту. | Оспанға кеңістікті және уақытты бағдарлауды үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | «Жапырақ жинаймыз»<br>**Міндеті:** Қимылды белсенді ету, еңбекке баулу.<br>**Шарты:** Балалар шашылып жатқан қағаз жапырақтарды тез жинап, себетке салады. Кім көп жинайды — сол жеңімпаз. | «Құстарға жем шашу»<br>**Міндеті:** Ұсақ моториканы, дәлдік пен қамқорлық сезімін дамыту.<br>**Шарты:** Балалар кішкене дән (допшалар) алып, оларды себетке дәл тастайды. | «Желкенді кеме»<br>**Міндеті:** Бірлесе әрекет етуге үйрету, тепе-теңдік сақтау.<br>**Шарты:** Балалар қол ұстасып, үлкен мата астында «кеме» болып қозғалады. «Жел қатты» десе, кеме шайқалады. | «Жапырақ жинаймыз»<br>**Міндеті:** Қимылды белсенді ету, еңбекке баулу.<br>**Шарты:** Балалар шашылып жатқан қағаз жапырақтарды тез жинап, себетке салады. Кім көп жинайды — сол жеңімпаз | «Күн мен бұлт»<br>**Міндеті:** Назарды дамыту, тыңдай білуге үйрету.<br>**Шарты:** Тәрбиеші «күн» десе – балалар қолдарын көтеріп жүгіреді, «бұлт» десе – отыра қалады. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** | | | | |